Тәрбиеші: Біз тазалықты сүймейтін және өзін жақсы көрмейтіндер мен дос болмаймыз.

Кірқожалақ: — Мені қумандаршы, жалынамын. Өзін жақсы көретін бала қандай болуы керек?

Тәрбиеші: Балалар, Кірқожалаққа айтып беріңдерші өзін жақсы көретін бала қандай болуы керек?

Балалар: Біз таңертең жаттығу жасаймыз, тісімізді тазалаймыз, бет – қолымызды жуамыз, шомыламыз. Таза киім киеміз. Аяқ – киімді сүртіп киеміз.

Тәрбиеші: — Көрдің бе? Кірқожалақ біздің балалар өзін – өзі таза ұстайды, тәртіпті, ұқыпты, сондықтан өздерін жақсы көреді.

— Біз жай балалар емеспіз, біз сиқыршымыз. Қане, Кірқожалақты тазалыққа сиқырлайықшы.

— 1, 2, 3 – « Таза бол ».

Кірқожалақ: Рақмет достар, мен енді таза болып жүремін. Өзімді жақсы көремін. (қоштасады).

Ойын: « Мен жақсы көремін ». (табиғатты, ауылды, отбасымды, гүлді, балабақшамды)

Қорытынды: Өзін – өзі жақсы көру дегеніміз, жақсы қасиеттерге ие болу. Таза, ұқыпты жүру. Достарын, туған – туысқандарын сыйлау, жақсылық жасау. Сонда ғана өз – өзімізді сүйеміз.

Жүректен – жүрекке:

Өз – өзімді сүйемін – сізге де соны тілеймін



Туркестанская область, город Кентау
Ясли – сад «Алия»
старшая группа «Колобок» воспитатель
Алиева Закия Болу-кызы

«ВОЛЬШЕБНИЦА СОЛЬ»

Открытая организованная учебная деятельность

Цель: Систематизировать представление детей о соли и ее свойствах.

Задачи: Развивать интерес к окружающему миру, открывая новое в знакомом. Закреплять умение исследовать предмет с помощью разных органов чувств, называть его свойства и особенности. Развивать наблюдательность, познавательный интерес, умение сравнивать, анализировать, обобщать и делать выводы в процессе экспериментирования. Воспитывать аккуратность в работе, соблюдать правила техники безопасности, испытывать радость от экспериментирования, открывая новое в знакомом.

Основной этап:

1. Беседа с детьми «Что мы знаем о соли и ее свойствах?»
2. Сбор образцов соли
3. Знакомство с загадками, с пословицами и поговорками про соль.
4. Опытно - экспериментальная деятельность «Соль – волшебница», «Изучение свойств и качеств соли»

Оборудование и материалы: Цветные картинки, соль (мелкая и крупная), презентация о соли. Лупы, пипетка, шапочки, ложечки, стеклянные посуды, клей ПВА (на каждого ребенка). Спокойная музыка для рисования.

Методы и приемы:

1. Практические: опыты с солью;

2. Наглядные: презентация, наблюдение;

3. словесные: беседы, рассказы воспитателя, загадки, объяснение, обсуждение, анализ работы.

Дети сидят около стульев.

Воспитатель. – Ребята, посмотрите, сколько у нас гостей. Давайте с ними поздороваемся, подойдем гостям и прикоснемся ладошками к их ладошкам. У гостей ладошки теплые?

Дети:- Да

Воспитатель: - Наши гости добрые, и они поделились своим теплом с нами.

Вход журналиста

Журналист: - Я, Алиева Севинч, работаю на детском познавательном канале «Балапан ТВ». Я услышала сегодня, будет необычное занятие в форме эксперимента, и хочу поприсутствовать на нем.

Воспитатель: - Ребята, давайте представим, что наша группа превратилась в научную лабораторию, в которой проводят разные опыты. А кто работает в лабораториях?

Дети: - Ученые, профессоры.

Воспитатель:- А как нужно вести себя в лабораториях?

Дети - ничего нельзя трогать без разрешения, пробовать, нужно внимательно слушать и выполнять задания взрослых, каждый работает за своим рабочим столом, не толкаясь и не мешая друг другу, после проведения опыта вытираем руки.

Воспитатель: - А вот с каким материалом мы будем экспериментировать вы должны отгадать.

Загадывает загадку.

-На столе стоит всегда.

-Внешне белая она

-И на вкус, не вкусна.

- Но в пищу каждому нужно.

Дети: - Соль

Воспитатель: - Откуда берется соль? Мы сейчас узнаем.

Показ слайда про соль.

Воспитатель: - Соль какой бывает?

Дети: Мелкой и крупной

Воспитатель: - Как Вы думаете, соль полезна?

Дети: - Соль необходимо человеку, соль необходимо при приготовлении пищи, солью пользуются в медицине, соль используют как чистящее средство, а еще соль незаменимый помощник зимой в гололед.

Воспитатель:- Дети, какие мы с Вами знаем пословицы про соль?

Дети читают пословицы про соль

- Недосол на столе, а пересол на спине. (Баксултан)

- Без воли – силы нет, без соли - вкуса нет. (Костя)

- Еде нужна соль, но в меру. (Айзере Р)

-Без соли не вкусно, а без хлеба несытно. (Адэлина)

-Без хлеба несытно, без соли не сладко. (Нурбек)

Воспитатель: - А теперь предлагаю провести эксперимент с солью.

«Влево, вправо повернись и в ученых превратись»

Пройдите на свои места, оденьте халаты и шапочки.

-Все расселись по местам?

-Никому не тесно?

-По секрету Вам скажу.

«Будет интересно»

Юпыт: Ребята перед Вами стоит соль. Давайте определим есть ли у соли запах? Возьмите и понюхайте. (ответы детей). Значит соль без запаха (Картинка)

2 опыт: Какая соль на вкус? Как можно узнать (ответы детей). Правильно нужно попробовать (ответы детей) – Соленая (картинка)

3 опыт: А теперь насыпьте немножко соль в тарелочку. Что Вы сделали? (ответы детей). Значит соль сыпучая, рассыпчатая. (Картинка)

4 опыт: (Знакомит детей с лупой) Теперь, ребята, посмотрите на соль через увеличительное стекло. На что похожа соль? (ответы детей крупный кристалл, небольшие крупинки).

5 опыт: Ребята, а как Вы думаете растворится ли соль в воде? (ответы детей). Возьмите стаканчик с водой и насыпьте в нее ложечку соли, размешайте, что произошло с солью? (ответы детей. Соль растворилась). Значит соль растворяется.

6 опыт: (Знакомит с пипеткой). Возьмите пипетку и капните на соль окрашенную воду. Что произошло? (ответы детей. Соль поменяла цвет). А почему соль не растворилась? (ответы детей. Потому что соли много, а воды мало).

Воспитатель: - А теперь дети я хочу Вам сказать, что солью можно рисовать.

Творческая работа с солью.

Пальчиковая гимнастика

-Мы капусту рубим - рубим.

-Мы капусту трем - трем

-Мы капусту солим – солим

-Мы капусту ждем- ждем

Воспитатель: - А теперь высыпьте оставшуюся соль в тарелочку.

Любуются рисунком

Журналист: - Мне очень понравилось, как Вы сегодня проводили. Я вижу, что Вы очень много знаете о соли, о ее свойствах и о том какую пользу она приносит в быту. Я хочу пригласить Вас на свой канал «Познавайка». От нашего канала Вам я принесла угощение. Раздает детям.

Прощается с детьми.

Воспитатель: - Дети, а теперь «Влево, вправо повернись и в ребят превратись»

Итог.





Туркестанская область, город Кентау
ГККП ясли-сад «Элия»
младшая группа «Солнышко»
воспитатель
Битлеуова Разия Темиралиевна

Сказочный колобок
Открытая организованная учебная деятельность

Образовательная область: «Творчество»

Образовательный раздел: «Лепка»

Тема: «Сказочный колобок».

Цель - вызвать у детей интерес к созданию сказочного образа по мотивам знакомой сказки.

Задачи:

1. **Обучающие:** вызвать интерес к образу Колобка, побуждать называть персонажей сказки; упражнять детей в скатывании округлой формы и создании образа веселого Колобка; учить скатывать комки пластилина между ладонями круговыми движениями.
2. **Развивающие:** продолжать развивать интерес к лепке, развивать мелкую моторику;
3. **Воспитательные:** воспитывать доброжелательное отношение к игровым персонажам, вызывать сочувствие к ним и желание помочь.

Предварительная работа: показ настольного театра по русской народной сказке «Колобок», беседа по содержанию.

Интеграция образовательных областей: «Художественно – эстетическое развитие», «Речевое развитие», «Физическое развитие».

Методы и приемы:

1. Словесный: художественное слово (стихотворение, загадка, беседа).
2. Наглядный: демонстрация.
3. Игровой: физкультминутка, пальчиковая гимнастика.

Словарная работа: колобок, заяц, волк, медведь, лиса.

Демонстрационный материал: запись мелодии «В гостях у сказки», картинки персонажей сказки «Колобок» (настольный театр).

Раздаточный материал: пластилин желтого цвета на каждого ребенка, доски для лепки, салфетки.

Оборудование: мольберт.

Ход организованной образовательной деятельности

1. **Вводная часть**

Организационный момент

Дети вместе с воспитателем под мелодию «В гостях у сказки» входят в группу.

Дети встают в круг.

Воспитатель: Дети, давайте поприветствуем друг друга.

Какие у нас красивые глазки,

Какие у нас красивые щечки,

Какой у нас красивый носик

А теперь дружно за руку возьмемся,

И друг другу улыбнемся.

Воспитатель: Молодцы, сегодня дети я приглашаю вас в мир сказок.

Вы любите, ребята, сказки?
Вижу, заблестели ваши глазки.
Сядьте тихо, посидите,
Мою сказку не спугните.
Дети проходят и садятся на стульчики.

Воспитатель обращается к детям: - Я вам загадаю загадку, давайте вместе попробуем отгадать о какой сказке идет речь?

Он от дедушки ушел
И от бабушки ушел.
Только, на беду, в лесу
Встретил хитрую Лису.

Ответы детей: (Колобок)

Воспитатель: - Правильно. Ребята, кого первым встретил в лесу Колобок, когда убежал от деда с бабкой?

Ответы детей: - Встретил зайца.

Воспитатель на мольберте выставляет первого персонажа сказки.

Воспитатель: - Какие ушки у зайчика?

Ответы детей: - У зайчика длинные ушки.

Воспитатель: - Покажите, какие длинные ушки у зайчика (дети показывают ушки).

Воспитатель: - Кого в лесу Колобок встретил после зайца?

Ответы детей: Встретил волка.

Воспитатель на мольберте выставляет второго персонажа – волка.

Воспитатель: - Как воет волк?

Дети: у-у-у.

Воспитатель: - А кого Колобок встретил после волка?

Ответы детей: - Встретил медведя.

Воспитатель: - Как рычит медведь?

Дети: р-р-р.

Воспитатель: - Укатился от медведя Колобок и кого встретил?

Дети: - Встретил лису.

Воспитатель: - Какой оказалась лиса?

Ответы детей: Хитрая.

Воспитатель предлагает детям поиграть.

Физминутка «Колобок»

Колобок, Колобок,
(Идут в полуприсядку, руки на поясе)

Колобок – румяный бок.

По дорожке покатился
(Бег на носочках, руки на поясе)

И назад не воротился.

Встретил мишку, волка, зайку,
(Лицом в круг, изображают животных)

Всем играл на балалайке.

(«Играют» на балалайке)

У лисы спел на носу,



(Пляшут, разводят руками)

Больше нет его в лесу.

Воспитатель: - Тут и сказке конец, а кто слушал молодец! Только вот беда – бабушка с дедом
огорчились, ведь колобка у них больше нет.

Как помочь бабушке с дедом, чтобы они не расстраивались?

(воспитатель подводит детей к тому, что нужно слепить колобка)

Пальчиковая гимнастика с совместным проговариванием «Колобок»

Лепим, лепим колобка, (имитация лепки)

Тесто месим мы слегка. (сжимаем и разжимаем пальцы)

А потом его катаем, (катаем)

На окошко сажаем. (раскрывают ладони)

Он с окошка прыг, да прыг, (хлопают в ладони)

Укатился озорник! (вращение кистями)

2. Основная часть

Практическая работа.

Воспитатель: Кусочек пластилина

На ладошку положу

И ладошкой прикрою.

В ручках его я покружу,

В шарик быстро превращу.

Крутим, крутим кругляшок

Получился,

Кто, ребятки? -

Дети отвечают хором: - Ко – ло – бок!

Воспитатель: - Ребята, чтобы Колобок получился веселым, что нужно сделать ему?

Ответы детей: Глазки, ротик, носик.

Самостоятельная работа детей. Во время работы воспитатель обращает внимание детей на
приемы лепки (скатывании округлой формы комочков пластилина круговыми
движениями ладоней)

3. Заключительная часть

Воспитатель.

Ребята, кого мы сегодня лепили? Что вам больше всего понравилось на занятии? Всем
спасибо! Все молодцы!!!



Түркістан облысы, Кентау қаласы
 МКҚК «Әлия» бөбекжай-балабақшасының
 Ересек «Ботақан» тобының тәрбиешісі
 Нурпейсова Мадина Рахимбердикызы

ҰОҚ: «Компьютер туралы түсінік беру»

Мақсаты: Қарапайым ақпарат көздерін қолдану дағдыларын жетілдіру. Ересектермен әңгімелесу, телехабар, компьютерлік ақпараттар және олардың мазмұнына қызығушылығын қалыптастыру, арттыру. Балалардың ойлау қабілеттерін ойын арқылы туындату және тұлға дамыту. Қызықты ойындар арқылы елестету және қиял болжамдарын дамытып, тіл байлығын, таным өнерін, сөздік қарым-қатынастарын дамыту. Дәстүрден тыс сурет салуға дағдыландыру.

Міндеті: Заттар әлемі қарапайым ақпарат көздері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Көрнекі құралдар: компьютер, теледидар, телефон, радио, газет-журнал, пошта жәшігі, үлгі суреттер.

Керекті құралдар: түрлі-түсті хаттар, умаждалған қағаздар, ақ парақтар, түрлі-түсті субояқ, сулық, компьютердің макеттері, нүктелерге сан белгіленген ақ парақтар.

Сөздік жұмыс: ақпарат, компьютер, интернет.

Билингвистикалық компонент: ақпарат – информация, хат – письмо, сәлемдеме – посылка.

Инклюзивтік әлеумет: Даму мүмкіншілігі шектеулі балаларға көмек көрсету.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті	Жанұяның Қатысуы
<p>Мотивациялық қозғаушы</p>	<p>Балалар топ бөлмесінде жартылай шеңбер болып отырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсіңдерме балалар - Көңіл-күйлерің қалай? - Бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ерек-ше болғалы тұр, қараңдаршы бізге қонақтар келіпті <p>Шаттық шеңбері: сәлемдесу</p> <p>Әуен ойналады, тәрбиеші балаларға көктем мезгілін суретеп сөзбен айтады (с).</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мен қай жыл мезгілін сипаттадым? 	<ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсізбе? - Жақсы! <p>Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылып. Құтты қонақ келіпті, Төріме міне еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, қанекей бәріміз, «Сәлем» - дейік үлкенге, Сәлеметсіздерме апайлар.</p> <p>Балалар көздерін жұмып, көз алдарына көктем мезгілінің ерекшеліктерін елестетеді. Көктем мезгілін.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Көктем – весна. - Наурыз, сәуір, мамыр. 	

Іздену
ұйымшы
кезең

Осы кезде тәрбиешінің ұялы телефонына хабарлама келеді. Хабарламаны оқып, бал-а қарап:

- Бал-р маған Шымкент қаласын-дағы «Айбөбек» б/б-н хабарлама келді. Бізге поштамен тапсырмалар жіберіпті. Пошташы келгенше ақпарат туралы әңгімелейік.

Ақпарат – дегеніміз не?

- Жаңалықты қайдан естиміз?

- Ақпарат істің жағдайы, қандай бір болмасын оқиға не/се біреудің қызметі туралы хабарлау.

Ақпарат, яғни информация: түссіндіру, баяндау, хабар ету дегенді білдіреді.

Адамдар бір-бірімен телефон арқылы сөйлесу, теледидар

көру, газет-журнал оқу, я

болмаса компьютерді

қолдану

арқылы ақпарат алады.

Компьютер не үшін

қажет?

- Жаңа сөздерді қайталап айтып шығайық: компьютер, ақпарат, интернет.

Тәрбиеші тапсырмаларды орындауға ұсыныс жасайды

1.- Менің қолымдағы хат

қандай таңбамен

белгіленген?

Түсі қандай? Жасыл

түстен не білесіңдер?

- Жылдың қай мезгілі?

Дұрыс, көктем мезгілінде

ағаштарымыз сиқырланып

жан бітеді. Кім ағаштарды

өсу ретімен орнады?

2.- Менің қолымдағы хат

қандай таңбамен белгілен

ген? Түсі қандай? Ақ түсте

н не білесіңдер?

Сендердің қандай өнерлерің бар екенін білгісі келеді.

- Жаңалық, хабарлама.

- Теледидардан, радиодан, адамдардан, телефоннан, компьютерден, интернеттен.

- Ойын ойнаймыз.

- Мультфильм, кино көреміз.

- Ағаларымыз агентке кіріп сөйлеседі.

- Біз Алматыда оқудағы әкпемен бір-бірімізді көріп сөйлесеміз

Жаңа сөздер:

Компьютер, ақпарат, интернет.

- Сәлеметсізбе!

-Письмо – хат, сәлемдеме – посылка.

- **3 саны, түсі жасыл.**

- Жасыл түстен: шөп, жапырақ, шар, шырша. т.б.

- Көктем мезгілі.

Балалар ағаштарды өсу ретімен орналастырады, шатаққандары бір-біріне көмектеседі.

- **5 саны, түсі аппақ, ақ.**

- Ақ түстен: бұлт, сүт,

айран, мақта...

Балалар ойдан жұмбақ, өтірік өлең құрастырады.

- Өзі құсқа ұқсайды, бірақ қанатын қақпайды. (ұшақ).

- Өзі төртбұрышты төрт дөңгелегі бар. (машина).

-Мініп алдым айға,

Бұлттан бұлтқа секірдім.

Сергіту сәті: «Жаңбыр жауды».

Балалар көрініс көрсетеді.

Нұрсұлтан – атасы, Аян – немересі, Еліғай – тілші қыз,

Атасы: Менің немерем қайда?

Келші екеуміз теледидардан

соңғы жаңалық

тарды көрейік.

Немересі: ата баяғыда сіздер

бір-бірлеріңізге хабарды қалай

Тосын сәт:

Есікті қағып

ата-ана пош

ташы

апайдың кей

пінде кіреді.

-Сәлеметсің

дерме бұлдір

шіндер? Мен

сендерге

Алматыдағы

б/б-ның жолд

аған сәлем-

деме мен хат

алып келдім.

-Хатты, сәле

мдемені орыс

ша қалай

айтады?

Кім өтірік өлең, жұмбақтар біледі?

Тәрбиеші бал-н шаршағағын басу үшін бой сергіту жаттығуын жасауға ұсыныс жасайды. Балалар еліміздегі жаңалықты біз теледидар арқылы көреміз. Отбасы жайлы қысқаша көрініс көріп жіберейік.
Д/о. «Отбасы».

-Пошташы апайдың сөмкесінде тағы хат бар екен. Хат қандай таңбамен белгіленген? Түсі қан-дай? Қызыл түстен не білесің-дер? Пошта жәшігінде сендердің әрқайсыңа арналған хат бар, қане ашып көріңдер. Тәрбиеші әр орталыққа арналған хаттағы тапсырманы оқып нұсқау береді.

«Компьютер» орт. тапсырмасы: Хаттың түсі, таңбасы, сол түске бай-ты заттарды атап, ақ парақ-қа нүтелерге сандар белгіленген соны өсу ретімен бір-біріне біріктіріп белгілі бір бейне шығару.

«Теледидар» орт. тапсырмасы
Хаттың түсі, таңбасы, сол түске бай-ты заттарды атап, көктем мезгілі бейнеленген үлгі суретті көрсетіп, суретсалудың әдіс-тәсілдерін түсіндіреді, қауыпсіз-дік ережесін ескертеді.

Даму мүмкіншілігі шектеулі балаларға көмектеседі

жеткіздіңіз-дер?

Атасы: Шабарман арқылы жеткіздік.

Немересі: Шабарман деген не хат па, телефон ба?

Атасы күліп: Жоқ балам, біздің кезі-мізде байланыс құралдары болмаған, шабарман – ол атқа мініп бір ауылдан екінші ауылға хабар айтатын адам. Қане қой теледидарды, соңғы жаңалықты естийік.

Теледидар макетінен Еліғай тілші болып соңғы жаңалықты айтады: Сәлеметсіздерме құрметті телекөрсеткіштер. Бүгінгі күннің басты жаңалығы Қ.Р. президентінің сайлауы болып өтті. Сайлау қорытындысы бойынша Қ.Р-ның президенті болып

Н.Ә. Назарбаев қайта сайланды. Зейін қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

Сау болыңыздар.

Атасы: Балам теледидарды сөндіре бер. Өте жақсы жаңалық естідік. Қазақстан жасасын! Алға Қазақстан! Ал енді барып

демалайық.

-1 саны, түсі қызыл.

-Қызыл түстен: алма, доп, гүл шар..

Балалар хаттың ішінен картонка ала-ды. Сол картонкадағы суретке қарап екі топқа бөлінеді (Компьютер мен теледидардың суреті)

1- топ: «Компьютер» орталығы.

- 4 саны, түсі көк.

- Көк түстен: аспан, ту, машина...

- Үйдің бейнесі шықты.

2-топ: «Теледидар» орталығы.

- 2 саны, түсі сары.

Пошташы апай шатасқан балға өз көмегін көрсетеді.



- Сары түстен: күн, бауырсақ, алма...
Әуен ойналады.
Бал-р көктем мезгілін умажда лған қа-ғазбен бастыру тәсілін қолдана оты-рып, көктем мезгі лін бейнелейді.

Саусақ жаттығуы.

Тәрбиеші бал-дың жұмысын көрме ұйым-у арқылы бағалайды.

Бүгін бізге қонаққа кім келді?
-Пошташы апайды таныдыңдар ма?
- Бізге тапсырмаларды қайдан әкелді?
- Хабарды, жаңалықты қалай жылдам жеткізуге болады?
-Өте тамаша, жарайсындар балалар, дұрыс айттындар.

-Менің үйім әдемі болды.
-Мен Мадинаға көмектестім.
- Маған Нұрдәулеттің салған суреті ұнады.
-Менің суретім әдемі, онда күн бар.
- Пошташы апай келді.
-Ия таныдық, ол біздің Аянның анасы
-Шымкент қаласы, «Айбөбек» б/б-н
- Пошта арқылы хат жазып, телефон арқылы, компьютер арқылы.
-Сау болыңыз.

Апай балды мақтап, мадақтайды. Балға сыйлық сйлайды
Рахмет айтып қоштасып кетеді.

Реф-ті түзету





Түркістан облысы, Кентау қаласы
МКҚК «Әлия» бөбекжай – балабақшасының
мектепалды даярлық топтың тәрбиешісі
Садыкова Сымбат Шикарбайқызы

Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Таным».

Бөлімі: «Математика негіздері».

Ресурстар: Геометриялық пішіндер, бейнетаспа, шарлар, плакаттар, ойыншықтар, қорап.

Әдіс – тәсілдер: «Миға шабуыл», «сұрақ-жауап».

Тақырыбы: «Геометриялық пішіндердің ғажайып әлемі» .

Мақсаты: Үшбұрыш, шаршы (төртбұрыш), дөңгелек, тіктөртбұрыш геометриялық фигураларды біледі, ажырата алады. Әр түрі пішіндерден бейне құрастыра алады. Берілген тапсырмаларды орындайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз бетінше жұмыс жасайды, топпен жұмыс жасайды. Үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.

ЖОСПАР

I. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫ

Шаттық шеңбері: Күнге қарап қолымды,

1,2,3 деп соғайын.

Қарап тұрған көршіме,

Қолымды мен бұлғайын

Ыстық алақыммен,

Маңдайынан сыйпайын.

II. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢІ

Бейнетаспа көрсету: “Пішінбек ханзада сарайы” (Ерте, ерте, ертеде математика атты патшалықта Пішінбек ханзада өмір сүріпті. Оның әдемі сарайы болыпты. Сол сарайда жалғыз тұрыпты, жалғыз тұрып іші пысқан ханша былай деп армандапты.

- О, шіркін. Менің мынадай сарайымда көп достарым болсағой! Мен олармен бірге тапсырмаларды орындап, ойын ойнаушы едім.)

“Сұрақ – жауап” әдісі:

Сұрақ: 1. Геометриялық пішіндер деп қандай пішіндерді атаймыз?

- Үшбұрыш, шаршы (төртбұрыш), дөңгелек, тіктөртбұрыш.

Сұрақ: 2. Тобымызда геометриялық пішіндерге ұқсайтын қандай заттар бар?

- Үстел – тіктөртбұрыш, кітап – төртбұрыш, доп – дөңгелек т.с.с

I. Тапсырма: “Түрлі – түсті шарлар”

Топ әр түсті шарлармен безендірілген. Бұл шарлар жай шарлар емес, сиқырлы шарлар. Әр шарда өз геометриялық пішіні бар. Әр пішіннің тапсырмасы бар. Тапсырма жұмбақ. (Әр бала өздеріне ұнаған шарларды таңдап, геометриялық пішіндерін атайды, жұмбақтарды шешеді.)

Сергіту сәті: Кел балалар тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Алақанды соғайық

Оң жақта тұрған балаға

Сол жақта тұрған балаға.

“Тапқыр” ойыны. Мақсаты: Әр түрлі геометриялық пішіндерден бейне құрастыру

(2 топқа бөліну арқылы, әр топқа берілген геом.пішіндер арқылы бейнені жылдам құрастырып шығады. (тышқан, пойыз, жүк көлігі, шырша ағашы)

II. Тапсырма: “Қай пішінге ұқсас?”

Мақсаты: Пішінге ұқсас заттарды табу. (Барлық балалардың алдына әр түрлі заттар үлестіріледі. Тақтада 4 пішін ілініп тұрады, әр пішіннің алдында кәрзеңке бар, кәрзеңкеге пішінге ұқсайтын заттарды салу).

Шығармашылық жұмыс: “Ормандағы аю мен қоян”

Мақсаты: Суретте берілген пішіннің түстері арқылы бояу. (2 топқа дайын плакат беріледі. Плакатта ормандағы аю мен қоянның бейнесінің геомет. пішінделген сызбасы бар, сызбаның астында әр пішіннің әр түрлі түсі бар. Сол түске қарау арқылы, орман, аю мен қоянды бояу.)

III. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ КЕЗЕҢІ

Қорытынды: “Миға шабуыл” әдісі : 1. Қораптың ішіндегі үлгілерді ұстап көру арқылы не екенін, қандай пішін анықтау. (Балалар қораптың ішіндегі үлгілерді сипап – сезу арқылы пішінін анықтайды.)

2. Сұрақ жауап арқылы талдау. Бізде бүгін қандай оқу қызметі болды? Оқу қызметінің тақырыбы қандай? Оқу қызметінде нені меңгердік? Қандай пішіндерді білдік? Бейнелерді неден құрадық? Т.с.с (Қойылған сұрақтарға жауап береді.)

Бағалау критерийлері: Геометриялық пішіндерді біледі, оларды өзара айырмашылығын ажырата алды. Әр түрлі пішіндерден бейне құрастыра алды. Берілген тапсырмаларды орындады. Сұрақтарға жауап берді. Өз бетінше және топпен жұмыс жасады.

Түркістан облысы, Кентау қаласы
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы
Ортаңғы санаторлық «Балдырған»
тобының тәрбиешісі
Тулепбаева Загира Сулейменовна

Жемістер мен көкөністер

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Бөлімі: «Тіл дамыту»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер»

Мақсаты: Жемістер мен көкөністер түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу.

Дамытушылық: есте сақтау қабілетін дамыту. Жаңа сөздерді меңгерту арқылы, сөздік қорын молайту.

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, түсіндіру, көрсету, ойын.

Сабақтың көрнекілігі: тақырыпқа байланысты суреттер, жемістер мен көкөністердің жасалған түрлері, қиылған түрлері.

Балалар қонақтармен сәлемдесіп, шаттық шеңберіне жиналу.

Шаттық шеңбері:

Бақшамызға барамыз,

Досымызды табамыз.

Сәлемет пе, міне мен,

Доспын енді сенімен.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Суретке қарап күзде қандай өзгерістер болады екен?

Жапырақтар сарғаяды, күн суыта бастайды, жиі-жиі жаңбыр жауады.
Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың шешуі бүгінгі оқу іс- әрекетіміздің тақырыбы болмақ. Дайынсыңдар ма?

1. Бұтақта ілініп тұрамын,
Піскенде себетке құладым. /**жеміс**/
2. Үлкендігі алмадай,
Сырты жанған қызыл от.
Ішін ашып қарасаң,
Майда- майда қызыл шок. /**анар**/
3. Үстіне тігіп көк шатыр,
Астында қызыл дәу жатыр. /**қызылша** /
4. Қалың киім ұнатады,
Шешіндірсең жылатады. /**пияз**/

Жемістер бақшада яғни ағашта, ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды бағбан дейміз.

Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, шие.

Көкөністерге: картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ, т.б. жатады.

Жемістер мен көкөністердің құрамында көптеген дәрумендер бар. Алманы көп жесендер түрлі ауруларға қарсы тұруға көмектеседі. Қараңғыда көруді жақсартады, шаштың, тырнақтың өсуіне әсер етеді.

Балаларды екі топқа бөлінеді:

1- топ. Жемістерді көрсетеді, атайды, себетке салады.

2-топ. Көкөністерді көрсетеді, атайды, себетке салады.

Көрнекілік бойынша түстерді атаймыз.

Қызыл, қара, сары, қоңыр, ақ, жасыл, көк.

Балалар көкөністер мен жемістер туралы, тақпақтарын айтып шығады.

1. Мен алмамын, алмамын,
Түрлі – түрлі боламын.
Көкпеңбек едім көктемде,
Қызарам күзде жеткенде.
2. Мен алмұртпын, ақылдым.
Күзде алмұрт жинап алатын,
Бабыраған біреуін,
Жесең тойып қаласың.
3. Мен жүзіммін, жүзіммен
Сөлі балдай шырынмын.
Тәттілігін біледі- ара менен шыбын.
4. Мен өрікпін, өрікпін
Ерте ашам гүлін.
Қара өрік, сары өрік,
Табиғатқа көрікпін.
5. Мен шиемін, шиемін.
Қызыл болып пісемін
Тезірек жинап алмасаң,
Торғайдың көзі түседі.
6. Мен – анармын, анармын.
Қабығы қалың болармын.
Мөлт – мөлт еткен түрлері
Моншақты еске саламын.

Ойын: «Дәмін тап» деген ойын ойнайық.

Ойынның шарты: қолына алады, пішінін, дәмін, түсін айтады.

Күтілетін нәтеже:
Білуі керек: жемістер мен көкөністер.
Болуы керек: есте сақтау қабілеті.





Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
Азаттық ауылы,
"Түркібасы" жалпы орта мектебінің
өзін өзі тану педагог-психологы
Тұрған Ұлжан Дарханқызы

Ана – жанұя ұйытқысы

«Ана – әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін беріп аялаған жанын да аямаған ардақтысы.

Ана – жүрек, жүректі құдіретте.

Ана – тірек, тіректі құрметте,

Ана – шыңың, шыңына сағынып жет.

Ана – күнің, күніне табынып өт, - деп жырлағым келеді.

Кез келген адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы, ең алдымен балаға ақ сүтін

беріп, әлпештегеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады.

Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Ана болу – бүкіл өміріне кететін ұлы рухани күш пен ерен еңбек.

Өмірде ана алақанының қызуы мен әке-шешенің мейірімін, тоя жеген тамақ та, шипасы күшті дәрі де алмастыра алмайды. Осыдан жарты ғасыр бұрын ғалымдар жүргізген бір қарапайым тәжірибе осыған дәлел болса керек.

Ғалымдар аналарынан айырылған маймыл балалар үшін ана жасап, бірінің омырауынан сүт шығатын, денесі қатты болса да суық етіп, ал екіншісінің омырауынан сүт шықпайтын, бірақ денесін жылы да жұмсақ етіп, жасаған екен.

Маймыл балалары сүті бар денесі қатты қуыршақты емес, сүті жоқ болса да денесі жұмсақ қуыршақты ана ретінде қабылдап, соның бауырына тығылған. Міне сонда кімге болса да бәрінен бұрын керегі мейірім, ана құшағы ғана.

Ұлтымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп «Бала тәрбиесі – бесіктен» деген қағиданы ұстанған. Бала-ата-ана өмірінің жалғасы. Сол үшін ата-ана Алладан перзент тілеген, перзент көргенде жүрегі жарылардай қуанған, содан кейін «Баламның табанына кірген шөңге, менің мандайыма кірсін»- деп әлпештеп өсірген. Перзенті дүниеге келгендегі қазақ-әкенін/жалпы қазақтың/жан күйін М.Мақатаев соншалық терең, соншалық шегіне жеткізе әсерлі айтып барген ғой: Иә, АЛЛА көрдім бе көрмедім бе?!

Иә, тәңірім, бердің бе, бермедің бе?

Шырылдаған үніңнен

Айналайын, шыныменен өмірге, Келгенің бе?

Қызым болсаң – Қырымда құралайсың, Ұлым болсаң – Ұлы бір мұрадайсың.

Естисің бе есі жоқ ей дүние, Менен неге сүйінші сұрамайсың?

Бұдан қазақтың бала сүю сезімінің сұрапыл күштілігі, этикалық түйсінуінің асқақтығы көрінеді. Ерте заманнан бастап-ақ халқымыз бала тәрбиесіне аса зор көңіл бөлген.

Қазақ халқы болашақ ұрпақты ана құрсағында жатқанда-ақ тәрбиелей бастаған. Келешек ананы, сәбиді мәпелеп, ренжітпеген. «Биік тауға қарасаң, көңілің өседі, көңілің өссе немерең кең пейілді болады. Жайқалған шөпке қара, жайнаған гүлге қара, сәбиің шырайлы болады.

Бұлақтың көзін аш, бала қайырымды болады» деп баулыған, адам табиғаттың бір бөлігі екенін дөп басқан. Аналар бала тәрбиесіне ықыласпен қараған. Алаш ардагері А.Байтұрсынұлы:

1. «Бала тәрбиесін, оқытуын жақсы білетін адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерді өзі жақсы білуі керек».

2. Баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек.

3. «Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болуы керек»- деді.

А.Байтұрсынұлының бұл пікірі дәл бүгінгі, ертеңгі күннің талап мақсатымен үндес, өмір бойы

өшпейтін, ескірмейтін өсиет. Бұлай дейтініміз-болашақ ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу ісіндегі басты тұлға – ата-аналар. «Қазақтың өз ұлттық қасиеттерін қайта қалыптастыруына қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұлттық тәрбиеге ерекше мән берген. Ұлттық негіз, сана, тіл, әуен сол бесіктегі кезден бастап қалыптасқан.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің немесе «отбасы – алтын ұям» демекші, «Бүркіт пен оның балапандары туралы» аңызға тоқталып өтейін. Баяғыда таудың княсын мекендеген бір ерекше қасиетті қыран өмір сүріпті. Өзгелерге өрлігімен өнеге болған әлгі бүркіт бір жылы өмірінде бірінші рет үш балдапан басып шығарыпты. Балапандардың қанаттары қатайып, ұясынан ұшып шығуына аз уақыт қалғанда бүркіт үш балапанын уысына қысып, теңіз төсіне алып шығыпты. Ұшып келе жатқан ол, өзіндік өмірге қанат қаққалы тұрған балапандарын соңғы рет сынақ алып, былай деп сұрапты: — Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, мәпелеп бағып қаққанымды жақсы білесіңдер. Ертең өскесін, осының өтеуі ретінде маған қандай жақсылық жасайсыңдар? Біріншісі айтыпты: -Анашым, сенің ақ сүтінді ақтау үшін Дүниенің төрт бұрышын саған аралатам, таңғажайып тамашаларды өзің көретін боласың. Бүркіт басын шайқап, уысындағы балапанын теңізге тастап жіберіпті. Бірінші балапан теңіз тұңғығына батып кете барыпты. Сосын екіншісіне бұрылып: — Ал, сен не айтасың, - депті. Екіншісі айтыпты: — Анашым, мен сені ел аралатып босқа әуре қылмаймын. Ғаламның барлық кереметтері мен қызықтарын алдыға әкеп беремін, ішкенің алдында, ішпегенің артында болады. Бүркіт тағы да басын шайқап, уысын жазып жібергенде, екінші балапан да біріншісінің соңынан кете барыпты. Бүркіт үшінші балапанына бұрылып, жарқыншақ толы дауыспен былай депті: — Ал, сен мені қалай жарылқамақсың? Сонда үшінші балапан былай деп үн қатыпты: — Анашым, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ. Маған жасаған жақсылығыңның шеті де шегі де жоқ екенін, оны өтеуге менің барлық ғұмырым жетпейтінің жақсы білемін. Дегенмен менің өмірім сені әлемді аралатуға да, сан түрлі ғаламаттарды алдыға алып келуге де арналмайтынын айтқым келеді. Мен сенің маған жасаған жақсылықтарыңның барлығын өз балапандарыма жасау үшін өмір сүретін боламын. Кәрі бүркіт сонда ғана көкірек кере терең дем алып: — Біздің әулет аманатын алға апарар, қыран деген атқа лайық бола алар ұрпақ туылғанына көзім енді жетті, - деген екен. Шаңырақтың үйлесімді дамуы мемлекеттің іргетасының берік болуына қызмет етеді. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың әр жылда халыққа арнайтын Жолдауында да отбасылық құндылықтарды сақтау, бала тәрбиесі мәселесін дәріптеу, ата-аналардың балаларын шынайы қамқорлыққа алу мәселелері тұрақты сөз болып келеді. Елімізде тұңғыш рет Елбасы арнайы Жарлығына сәйкес қыркүйек айының жексенбінде «Отбасы күні» деп белгіленген. Отбасы – Отанның ұйытқысы, қоғамның берік қорғаны.

Ал, әйел негізінен үйдің сәні әрі үй-ішінің тірегі ретінде маңызды рөл атқаратын тұлға екені аян. Қазақ халқы ежелден отбасы бақыты мен баянын да нәзік жаратылыс иелерімен сабақтастырып, салт-санаға: «Әйел – үйдің сәні», «Жақсы әйел – ырыс, жаман әйел – ұрыс», «Анаңды қадірлесен – әйелінді жәбірлеме», «Әйелдің жолы үлкен», «Жақсы әйел – жаман еркекті түзетеді», «Жақсы әйел – жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар» деген сияқты дала философиясы құндылықтарын сіңірді. Қазақ дәстүрдің қалыбына үйлестіре айтар болсақ, әйел-ана ежелден ер азаматтың сенімді серігі, аяулы жары мен жөн сілтер ақылшысы болып құрметтеледі. Отбасындағы бала тәрбиесіне араласпай тіршіліктің тағы да ажары мен аспаны ашылмаған. Сондықтан да халқымыз: «Әке – айдын, шеше – ұя» деп, ұл-қыздың тәлім тәрбиесі мен өнегелі мектебіне әке мен ананың бірдей жауапты екенін ескерткен. Солай бола тұрғанымен қай қоғамның да әйелге көбірек міндет жүктеп, бала үшін баланың рөлі бәрінен жоғары тұратынын алға тартуы бекер болмаса керек. Ынтымақ пен бірліктің, төзімділік пен сабырлылықтың, тыныштық пен дүние атаулының кілті әйелдің жүрегінде екені күмән келтірмес тағы да бір шындық. Халық педагогикасындағы тәжірибеге көз салсақ, қыз бала тәрбиесінде үш әдіс қолданған екен. Біріншісі – құрмет, екіншісі – үлгі, үшіншісі – тыйым. Көп

болып, ауыл-ел болып тәрбиелеген қызымыз өнегелі болып өскендіктен де қазақ халқы өзінің аса құнды ұлттық менталитетін сақтап, бүгінгі біртұтастыққа жетті. Қызын сақтай алған қазақтың ұлтын да сақтай алғанын көріп отырмыз. Осы тұрғыдан аруларымызға қалай сүйінсек те жарасады. «Ердің бақыты – әйел» деген даналардың бірі Төле би өз баласына әйелді өзі таңдаған. Бір жылы Төле ел арасындағы дауды шешу үшін шалғайға жол жүреді. Бір жерге келгенде алдарынан бір топ атты қыз көрінеді. Қыз: Токтайық, ер азаматтардың жолын кеспейік.

Оны байқаған Төле би қасындағы жолдастарына – Ана ізетті балаларды шақырып келші, – деп жібереді. Жолаушыларға жақындай бере бәрі аттарынан түсіп, жаяу жүреді. Төле бидің қасына жақындай тізе бүгіп, сәлем береді. Жігіттер бас иіп амандасады.

— Қарақтарым, қай ауылдың баласысындар? Әлдеқашан өтіп кететін уақыттарың болып еді, бізді неге тостыңдар? — Алыс жолдан аталарымыз бен ағаларымыз келе жатыр екен. Алдынан кесіп өтіп, жолын шаңдатпайық. Араларында қол бастаған батырлар, сөз ұстаған шешендер бар шығар. Елдің қамын жеген, жердің шөбін қорғаған ерлер ғой. Тойға жорға мінгеніміз, үстіге торқа кигеніміз осы кісілердің арқасы. Аз тоқтап ілтипат етсек, ауылымызға азар болса бір шай қайнатым кеш жетерміз, бірақ аталарымыз бен ағаларымыздың көңілін көркейтерміз, – деп едік. Төле би: Ал, шырағым, жаяу-шабан, жолаушыларды жолынан бөгейміз- ау, демедіңіздер ме, балам? Қыз: Жоқ, ата!

Қошеметімізді көріп қуансын, жолдан шаршап келе жатқанда біраз демалсын дедім.

Төле би: Бәрекелді көп жаса айналайын. — Атың кім?

— Атым Данагүл, ата!

— Әкеңнің аты кім?

— Әкемнің аты Алакөз.

— Көп жасаңдар, өркендерің өссін, шырақтарым!- деп Төле би батасын береді де жүріп кетеді.

Қыздардан ұзап кете Төле би бұйрық береді.

— Тартыңдар жаңағы қыздың ауылына, – деген екен.

«Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдеппен» Баяғының қарттары енді ғана ес біліп келе жатқан немерелерін алдына алып, өнегелі өсиеттерді, ақылды аңыз, есті ертегі түрінде жастайынан келер ұрпақтың құлағына сіңіре береді екен. Сондай кемеңгер қариялардың бірі немересіне өмір сырын былай деп айшықтап айтып беріпті: — Әр адамның көкірегінде екі қасқырдың өзара тайталасына ұқсас тартыс жүріп жатады. Оның бірі күншілдік, қызғаныш, өзімшілдік, өтірік сияқты жаман қасиеттерді бейнелесе, екіншісі – сенім, шындық, мейірім, адалдық секілді жақсы қасиеттерді бейнелейді. Бұл екі қасқыр сәт сайын, қадам сайын айқасып, өмір бойы күресумен болады... Сонда зерделі немересі атасының сөзін бөліп, былай деп сұрапты. -Ал, ең соңында қай қасқыр жеңеді? Атасы сәл ойланып, немересінің пайымдылығына сүйсіне отырып, жауап беріпті. — Сен қайсысын көбірек қоректендірсең, сонысы жеңеді екен. Баланы ризашылық сезімге үйрет. Бұл – қасиетті сезім. Балаларың бақытты болмай саған бақыт жоқ, бірақ олар сенің қайғына да қайғырсын. Балаларыңның досы бол, бірақ құрбысы болма. Балаларыңмен қатар бол, бірақ биігірек, жоғарырақ, ең жақыны бол, бірақ бірден қол жеткізерліктей емес. Балаларыңды дүние туралы емес, іс туралы ойлауға үйрет. Үш жасар қыз көмектессін шешесіне, үш жасар ұл қорғасын. Анасы қызмет істеп жүргенде ешкімнің отыруға хақы жоқ. Ана есіңде болсын! Ең жақсысының бәрі – балаға. Балалар, естерінде болсын! Ең қымбатты, асылы – анаға. Ана, өзіңді ұмытпа! Ұмытсаң балаларына жаман болады. Балаларыңды байлыққа емес, мейірімділікке, қуануға үйрет. Баладан шаршадың ба? деп сұрамаңыз. Өзіңіз балалар алдында ашық түрде жұмыс істеңіз, олар сіздің істеріңізді, шаршаған көздеріңіз бен қолдарыңызды көрсін.

Әлемді мейірімділікпен, Қайырымдылықпен сақтайық. Мейірімділік – асыл қасиет. Жер бетіндегі мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, жақсылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды. Мейірім шуағы шашатын шуақты күндеріміз көп болсын!



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп, 2013 жылдың
30-желтоқсанында № 14080-Г куәлігі берілді

Зарегистрирован в Министерстве Культуры
и Информации Республики Казахстан, Комитете
информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013г.

эл.почта: ou2020@mail.ru тел: +7705 444 81 51

WWW.BILIMAINASY.KZ